

Астана қаласы, Есіл өзенінің сол жақ жағалауы, Д.Қунаев к, 39 үй, Индекс 010000

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының
төрағасы Ж.Асанов мырзаның

жеке кәсіпкер, зейнеткер ана Кадирбаева Сарадан
тұрғылықты жері: Атырау облысы
Мақат ауданы, Доссор поселкесі, Н.Кусайнов кө

А Л Ғ Ы С Х А Т

(Атырау облысы, Мақат аудандық сотының төрағасы Ф.Чингисовқа)

Сот саласы – қашанда ауыр да күрделі, міндеті мен мақсаты үлкен бағыт. Қазіргі таңда елімізде азаматтардың судьяларға деген сенімі жыл санап артып келетіндігін өз басым естіп көріп жүрмін.

Қасым ханның қасқа жолымен, Есім ханның ескі жолымен қара қылды қақ жарып, заңды да, әділ шешімін жариялау әр судьяның басты міндеті болып табылатындығы бәрімізге аян. Судья үшін әрбір қаралған істің нүктесін қою ешқашан да оңайлыққа түспейді, әр заманда да солай болған және солай болады да.

Оған дәлел, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 200 бабының 3 бөлігімен маған қатысты әкімшілік істі қарау кезіндегі Мақат аудандық сотының төрағасы Ф.Чингисовтың әділдігі, сабырлылығы, турашылдығы мен тәуелсіз ұстанымы оның тек жоғары кәсібилігін ғана емес, сонымен қатар біз секілді қарапайым адамдардың заңды мүддесін қорғауға деген талпынысын, зор адами қасиеттерін айғақтайды.

Судья Ф.А.Чингисов жоғарыда аталған әкімшілік істі объективті қарап, істі созбалаушылыққа салмай, Қазақстан Республикасының заңдылықтарын, атап айтқанда әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің нормаларын сақтай отырып, Атырау облысы, Мақат ауданының полиция қызметкерлерінің тарапынан жол берілген заң бұзушылық әрекеттерін анықтап, заңды бағасын беріп, іс негізінде берілген құжаттарды жан-жақты егжей-тегжейлі қарап, сот отырысын уақытылы, әрі нақты ұйымдастыра білгендігіне іштей разы болдым. Бұдан басқа, судья А.Чингисовтың жас судья бола тұра, аталған істі қараған кездегі көрегендігі мен адами болмысына да тәнті болғанымды атап өтемін.

Сондықтан мен Қазақстан Республикасының азаматшасы, яғни зейнеткер ана ретінде Мақат аудандық сотының төрағасы Ф.Чингисовқа өзімнің шексіз алғыс-тілегімді білдіремін!

Осы алғысымды білдіру арқылы Сіз басқарып отырған үлкен ұжымға және барлық судьялардың дендеріне зор денсаулық пен сәттілік, күрделі қызметтеріне толағай табыстар тілеймін!

Жеке кәсіпкер, зейнеткер ана Кадирбаева Сара

26.09.2019жыл.

С.Кадирбаева

02	10	19
4065		1